ЖШС "НҰРАЙЗА" "Айза" балабақшасы

Ақтөбе қаласы. **« 18» « 09 » 2025 жыл**

Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Қатысқаны: 15

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:
1.2025-2026 оқу жылына Қамқошылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

IT-балабақша жобасына кіруге байланысты,жүзеге асыру жолдарын қарастыру

Тыңдалды.
Бірінші сұрақ бойынша, Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
Д.Д.Қашқынбаева: -Жаңа оқу жылымен құттықтап биыл осы құрам өз жұмысын соңғы жыл атқаратынын айтып өтті. 2025-2026 оқу жылына 4 отырыс болатынын, сондықтан жоспарымызды ұсынып,талқылап,бекітуді ұсынамын.
Биылғы күзгі сый мерекесін өткізуге ата-аналар тарапынан өте жақсы қолдау болды,бала тәрбиесіне қатысып,балабақшаішілік мерекелерді үнемі атсалысып отыру үшін біздің де үлесіміз зор деп,ойлаймын.Осы үрдісті жалғастыра отырып ендігі қыс мезгілінде өтетін Жаңа жыл мерекесін де балалармен педагогтермен бірге өткізу жұмыстарына етене араласып,ұйымдастыруға атсалысайық.
Сонымен қатар ас-адамның арқауы дейді ғой,сол балаларымыздың дұрыс тамақтануын бақылау жұмысына араласып,бракераждық комиссия жоспарына енгізілген құрам мүшелері кезекпен қатысып,осы жұмысты жіті қадағалайық,өйткені бақылау бар жерде талапта орындалады.
Келесі ұсыныс Наурыз мерекесін тойлау кезінде дайындық пен ұйымдастырып өтізуді жоспарға енгізуге ұсынамын.Сіздер тарапынан ұсыныс бар ма?
Қамқоршылық кеңесінің мүшесі балабақшамыздың ауласы өте жақсы жабдықталды,балалардың ойын алаңдарына қазіргі заманға сай ойыншықтар әкеліп,қондырылып,жазда балаларымызға жақсы жағдай жасалды.Дегенмен ойын алаңдарға төселген жасанды шөп жолақшалары күзде әрбір жері тесіліп,эстетикалық түр-сипаты жарамай қалды.Осыған орай балабақшада қаржы болмаған жағдайда демеушілік көмек іздестіріп көрейік деп ұсыныс жасаймын.
Ал енді күзгі жәрмеңкені ұйымдастыруды жалғастыруды да жоспарға енгізуге ұсыныс жасаймын.

Қамқоршылық кеңес ұсыныстарды бір ауыздан қолдап,енгізуді ұйғарды.
Екінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Алдадосова А.А. сөз алып: Қайырлы күн, құрметті қамқоршылық кеңес мүшелері, биылғы 2025-2026 оқу жылында **ЖШС "НҰРАЙЗА" "Айза"** балабақшасы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шешімімен «IT-балабақша» жобаларын масштабтау ҚР Үкіметінінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген ҚР мектепке дейінгі ,орта,техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан:өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында енгізіліп отыр. Қала бойынша МДҰ –ның ішінде біздің балабақша «IT-балабақша» жобасына еніп отыр.Бұл біздің балабақшамыздың соңғы 3 жылда материалдық базамызды «Кішкентай инженерлер»бағытында нығайтып , жұмыстануымыздың нәтижесі. Матералдық базадан бөлек жұмыстарды атқару үшін ата-аналар тарапынан қолдау,мүмкіндігінше қаржылық қолдаушылардың қажеттіліәгі бар.Сондықтан Қамқоршылық кеңес жоспарына енгізуге ұсыныс беремін,деп сөзін аяқтады.
Қамқоршылық кеңес мүшелері қолдау көрсетіп бүгінгі кеңесте қандай көмек бере алатындарын қарастыруды ұсынды. Өйткені жұмыс жоспары құрылып,енгізіліп жатыр.Бірақ тек қолда бар құралдарды қолдану аздық етіп отыр,осы орайда балабақшамыздың ата-аналарын ұйымдастыру жұмысын қарастыру керек,ол топтарда өтетін жиналыс,семинарларда айтылып,тапсырмалар берілу қажет деген ұсыныстар айтылды.

ШЕШІМ:

1.2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңесі ата-аналарды балабақша ішілік барлық іс-шараларға қатыстыру жұмысын ұйымдастырсын.

2.IT-балабақша жобасын жоғары деңгейде атқарып шығу жолдарын қарастырып,көмек берілсін.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы _____ Қашқынбаева Д.Д.
хатшы _____ Аккаирова А.А.

ЖШС "НҰРАЙЗА" "Айза"балабақшасы

Ақтөбе қаласы. **« 01» « 12 » 2025 жыл**

Қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Қатысқаны: 15

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1.Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру жолдарын қарастыру.

2. Ас мәзірін бекіту туралы.

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша: Мекеме меңгерушісі Алдадосова А.А.. жаңа жылдық ертеңгіліктердің өткізу тәртібі,балалардың қауіпсіздігі,санитарлық талаптар және ата-аналардың қатысуын ұйымдастыру туралы ақпарат берді. Мерекелік безендіру, демеушілік көмек тарту,сыйлықтарды біріздендіру және шығындарды ата-аналар комитетімен келісу қажеттілігі айтылды.

Сөйлегендер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі сөз алды. Мен өз тарапымнан балабақшада өтетін жаңа жылдық мерекелік ертеңгіліктеріне атылатын,жарылатын,жанатын құралдардың қолданбауын қатаң бақылауға алуды ұсынамын.Балалардың денсаулығы мен өмірі бірінші жолда тұрғандықтан қауіпсіздікті сақтау жұмысын бақылайық.

Жаңа жылдық ертеңгіліктер бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

Мен балабақша ата-аналарын ойын алаңдарын безендіріп,қолдан бұйымдар жасауды ұсынамын.

Қашқынбаева Д.Д.:Рахмет өте жақсы ұсыныстар енді осы ұсынысытарымызды ата-аналарға жеткізіп,ұйымдастыруға атсалысайық.

Екінші сұрақ бойынша Қашқынбаева Д.Д.: Медбике және бракераж комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің №302 бұйрығына екгізілген өзгерістерге сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру талаптары туралы хабарлады.Осы кезге дейін біз екі апталық ас мәзірін құрып келген едік, 2025 жылдың желтоқсан айынан бастап 4 апталық перспективалық ас мәзіріне көштік ,енді қыс-көктем ас мәзірін 4 апталық перспективалық қылып құрып бекітеміз. Тағамдардың тағамдық құндылығын сақтау,маусымдық көкіністер мен жемістерді көбейту қажеттілігін атап өтілді.

Кеңес мүшелері балалардың жас ерекшеліктеріне сай калория нормасын сақтау,аллергиясы бар балаларға жеке тамақтану қарастыру,ата-аналарды мәзірмен таныстырып отыру жөнінде ұсыныстар айтты.

ШЕШІМ

1.Ас мәзірі №302 бұйрықтағы озгерістерге сәйкес 4 апталық перспективалық мәзір түрінде бекітілсін.

2.Мәзірдің калориясы мен тағамдық құндылығы санитарлық талаптарға сәйкес қамтамасыз етілсін.

3.Дайын мәзір ата-аналарға ақпараттық бұрышта және чаттарда ай сайын жарияланып отырсын.

4.Бракераж комиссиясы тарапынан күнделікті бақылау жүргізілсін.

Жауапты: медбике,аспазшы,бракераж комиссиясы.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы _____ Қашқынбаева Д.Д.

Хатшы _____ Аккаирова А

ЖШС "НҰРАЙЗА" "Айза" балабақшасы

Ақтөбе қаласы. **« 04» « 03 » 2026 жыл**

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 3 хаттамасы

Қатысқаны: 15

Күн тәртібінде қаралатын сұрақтар:

1. Наурыз мерекесіне дайындық,ұйымдастыру,өткізу.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қаралатын сұрақ бойынБалабақша меңгерушісі Алдадосова А.А.: Наурыз мерекесінің тәрбиелік маңызы туралы айтып,ұлттық құндылықтарды насихаттау,балаларға салт-дәстүрлерді таныстыру,ата-аналарды балабақша өміріне тарту қажеттілігін атап өтті.

Музыка жетекшісі мерекелік іс-шараның сценарийі, топтардың дайындығы,безендіру жұмыстары және қауіпсіздік шаралары жөнінде ақпарат берді.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Қашқынбаева Д.Д:ата-аналардың қатысуы,ұлттық тағамдар дайындау,көрме ұйымдастыру,ұлттық тағамдар дайындау, көрме ұйымдастыру,ұлттық киімдер әзірлеу бойынша ұсыныстар айтты.

Сөйлегендер:

- Қамқоршылық кеңес мүшелері:мерекелік алаңды безендіруге көмектесу;

Ұлттық ойындар ұйымдастыру туралы ұсыныс білдірді.

Қаулы етілді:

1.Наурыз мерекесін 2026ж. «19» наурыз күні балабақша музыка залында өткізу.

2.Әр топқа мерекелік безендіру жұмыстарын ұйымдастыру және ұлттық бұрыштар дайындау тапсырылсын.

3.Тәрбиешілерге:

- Мерекелік сценарийді әзірлеу;
- Балаларға ұлттық салт-дәстүрлерді үйрету;
- Ұлттық ойындарды өткізу тапсырылсын.

4.Ата-аналар комитетіне:

Ұлттық тағамдар көрмесін(Наурыз көже,бауырсақ және т.б)ұйымдастыру;

- Балаларға ұлттық киімдер дайындауға көмек көрсету;
- Мерекелік шараға белсенді қатысу қамтамасыз етілсін.

5.Іс-шара барысында қауіпсіздік және санитарлық талаптардың сақталуы балабақша әкімшілігіне жүктелсін.
6.Іс-шараның фото-бейне есебі жасалып,балабақашның әлеуметтік желі парақшасына орналастырылсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы _____ Қашқынбаева Д.Д.

хатшы _____ Аккаирова А

ЖШС "НҰРАЙЗА" "Айза" балабақшасы

Актөбе қаласы. **« 05» « 05 » 2026 жыл**

Қамқоршылық кеңесі отырысының № 4 хаттамасы

Қатысқаны: 15

Күн тәртібі:
1.балабақша ауласын абаттандыру жұмыстарын жүргізу.

Бірінші сұрақ бойынша
Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары
ұйым ауласына абаттандыру қажеттілігі туралы баяндады.Аулада балалардың қауіпсіз ойнауына жағдай жасау, көгалдандыру,ойын алаңдарындағы құрылған модульдерді күтіп ұстау,құмсалғыштарға жаңа құм керек екенін айтты.

Ұсыныстар:

- Ата-аналардың ерікті көмегімен сенбілік ұйымдастыру;
- Ағаш,гүл көшеттерін отырғызу;
- Ойын құрылғыларын жөндеу және сырлау;
- Құм ауыстыру және аумақты санитарлық тазалау.

Қаулы етті:
1.2026 жылдың мамыр айында жалпы сенбілік ұйымдастырылсын.
2.Аула аумағын көгалдандыру,сырлау,тазалау жұмыстары жүргізілсін.
3.Ата-аналар қауымдастығымен бірлесіп ерікті түрде көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
4.Жауапты тұлға болып шаруашылық орынбасарға тағайындалсын.

Қамқоршылық Кеңес төрағасы _____ Қашқынбаева Д.Д

хатшы _____ Аккаирова А